

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2007 жылғы 1 желтоқсандағы ағымдағы жағдайы**

2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 71 филиалы мен 48 өкілдігі бар. Алматы қаласында 12 қор және Жезқазған қаласында 1 қор («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративті) және Ақтөбе қаласында 1 қор («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нің еншілес ұйымы (бұдан әрі- «Қазақстан Халық Банкінің») «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - «БТА Қазақстан»), «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы «Капитал» ЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі- «Капитал»), «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 9 182 062 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар – қараша айларында салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 645 960 (7,57%), оның ішінде қараша айында 62 536 (0,69%) ұлғайды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда болды: «МЖЗҚ» – 26,51% (есеп беру айында 0,16 пайыздық тармаққа төмендеген), «Қазақстан Халық Банкі» – 21,19% (0,07 пайыздық тармаққа ұлғайған), «ҰларҮміт» – 14,88% (0,06 пайыздық тармаққа төмендеген) және «БТА Қазақстан» – 9,40% (0,06 пайыздық тармаққа ұлғайған) немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 71,98% келеді. Ағымдағы жылдың қараша айында 4 қордың үлесі бұрынғы деңгейден 0,09 пайыздық тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны ағымдағы жылдың қараша айында 142 (0,35%) өсіп, 2007 жылғы 1 желтоқсанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 780,8 млн.теңгені құрап 40 715 болды. Ағымдағы жылдың қаңтар –қараша айларында салымшылар (алушылар) шоттарының саны 7 736 (23,46%) ұлғайды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша ең көп салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны мына қорларда болды: «Сенім» – 46,99%, «Капитал» – 17,76%, «ҰларҮміт» – 14,55% және «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,41% немесе 4 қордың үлесіне жалпы шоттар санының 92,71% келеді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2007 жылғы 1 желтоқсанда 3 819 құрады, дербес зейнетақы шоттарында 50,0 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айларында салымшылар (алушылар) шоттарының саны 67 (1,79%) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттары санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.12.06ж.	01.12.07ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)
- міндетті зейнетақы жарналары бойынша	8 483 608	9 182 062	698 454	8,23
- ерікті зейнетақы жарналары бойынша	33 048	40 715	7 667	23,20
- ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 737	3 819	82	2,19

### Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары қарша айында 33,5 млрд. теңгеге (2,96%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 164,6 млрд. теңгені құрады. Ағымдағы жылдың қаңтар - қараша айларында салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 254,9 млрд.теңгеге ұлғайды.

2006 жылы жинақталған зейнетақы қаражаттардың орташа айлық өсімі 21,8 млрд. теңге болса, ағымдағы жылдың қаңтар - қарашада ол 23,2 млрд. теңгені құрады немесе 6,42% ұлғайды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы	Өсім	(млрд. теңге)
			Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
01.12.2004ж.	466,4	110,4	31,01
01.12.2005ж.	626,4	160,0	34,31
01.12.2006ж.	862,7	236,3	37,72
01.12.2007 ж.	1 164,6	301,9	34,99

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында олардың өсу қарқынының 2006 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2007 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде 2,73 пайыздық тармаққа төмендегенін көруге болады.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылары) ие: жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасынан «Қазақстан Халық банкі» – 29,04%, «ҰларҮміт» – 17,52%, «МЖЗҚ» – 17,11%, «БТА Қазақстан» – 10,20% және «ГРАНТУМ» - 6,02%. Жиынтығында, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 79, 89% келді. Ағымдағы жылдың қараша айында 5 қордың үлесі 6 базистік тармаққа азайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2007 жылдың 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 319,4млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда 2,1млрд.теңгеге (0,65%-ға) өскен. Ағымдағы жылдың қаңтар - қараша айларындағы «таза» инвестициялық кіріс сомасы 63,7 млрд.теңгеге (24,91%) өскен.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	(млрд. теңге)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.12.2004ж.	109,3	13,5	14,09	23,43
01.12.2005ж.	148,3	39,0	35,68	23,67
01.12.2006 ж.	226,6	78,3	52,80	26,27
01.12.2007ж.	319,4	92,8	40,95	27,43


Көрсетілген кестеде «таза» инвестициялық кірістің жыл сайынғы өсу қарқынының ұлғаю барысында 2007 жылғы 1 желтоқсандағы «таза» инвестициялық кірістің өсу

қарқынының 2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғанда 11,85 пайыздық тармаққа төмендегені байқалады. Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2007 жылғы 1 желтоқсанда өткен жылдың тиісінше күнімен салыстырғанда 1,16 пайыздық тармаққа ұлғайды, бұл ретте ағымдағы жылдың қазан айында үлес 0,63 пайыздық тармаққа төмендеді.

2006 жылда орташа айлық өсімі - 8,4 млрд. теңге барысында, ағымдағы жылдың қаңтар – қарашада ол 1,4 есе төмендеумен 5,8 млрд.теңге болғанын атап өту керек.

Жалпы зейнетақы жарналардың түсуі қарашада 20,4 млрд. теңгеге (2,36%) ұлғайып, 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 888,1 млрд. теңгені құрады.

### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде, ол 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 7,2 млрд. теңге болды немесе ағымдағы жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 33,33% өсті. Өткен жылдың тиісінше кезеңімен салыстырғанда өсімпұл сомасы 2,0 млрд. теңгеге немесе 36,85 %-ға ұлғайды.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары қарашада 1,3 млрд. теңгеге (2,14%) өсіп, 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 61,9 млрд. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қарашада сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша аударылған жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы 17,6 млн. теңге құрады, бұл ретте қарашада сақтандыру ұйымдарына аударымдар жүзеге асырылған жоқ.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы қарашада 6,6 млрд. теңгеге (3,38%) өсіп, 2007 жылғы 1 желтоқсанда 202,3 млрд. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 33,04%, «ҰларҮміт» - 16,23%, «Д.А.Қонаев атындағы» - 13,18%, «Қазақстан Халық Банкі» - 11,58% және «БТА Қазақстан» - 6,35% немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 80,38% келеді.

### Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 қарашадан бастап 35,4 млрд. теңгеге немесе 3,13%-ға өсіп 1 167,6 млрд. теңге болды.

2006 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2007 жылғы 1 желтоқсан аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 25,4 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Bailyk asset management»ЗАИБЖАҰ» АҚ	118 895	10,18
«Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	31 443	2,69
«МұнайГаз – Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры»АҚ	29 300	2,51
«СЕНІМ» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	41 664	3,57
«Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	16 488	1,41
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	70 016	6,00
«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ ( «Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	70 016	6,00
«Premier Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	1 012	0,09
«РЕСПУБЛИКА» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	1 012	0,09
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	205 053	17,56
«ҰларҮміт» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	205 053	17,56
«Нұр-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ	29 556	2,53
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	29 556	2,53
«МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	199 796	17,11

«ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы» БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	118 623	10,16
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы, Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	339 256	29,06
«Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	24 368	2,09
«Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	28 722	2,46
«Банк Центркредит» АҚ еншілес ұйымы - «Капитал» ЖЗҚ» АҚ	32 277	2,76
<b>Зейнетақы активтерінің жиынтығы</b>	<b>1 167 574</b>	<b>100,00</b>

2007 жылғы 1 желтоқсанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2007 жылғы 1 қарашадан бастап 30 993 млн. теңгеге немесе 2,79%-ға өсіп 1 142 680 млн. теңгені құрады.

#### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.12.2007ж.	
	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>314 979</b>	<b>27,57</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	267 713	23,43
Ұлттық Банктің ноттары	47 266	4,14
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>102 594</b>	<b>8,98</b>
Акциялар	20 248	1,77
Облигациялар	82 346	7,21
<b>Шетел инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>36 369</b>	<b>3,18</b>
Тазартылған алтын	23 203	2,03
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>497 086</b>	<b>43,50</b>
Акциялар	160 881	14,08
Облигациялар, оның ішінде:	336 206	29,42
Шетел валютасына номинирленген	3 329	0,29
теңгеге номинирленген	332 877	29,13
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>168 179</b>	<b>14,72</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>271</b>	<b>0,02</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 142 680</b>	<b>100,00</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2007 жылғы 1 қарашамен салыстырғанда 9 538 млн. теңгеге немесе 3,12%-ға ұлғайып, 314 979 млн.теңге немесе 27,57% болды. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің кемуі 2007 жылғы қараша айында 5 740 млн. теңге немесе 1,14% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 925млн. теңгеге немесе 0,55%-ға ұлғайып, 168 179 млн.теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға ұлттық валютада және шетел валютасында орналастырғанын атап өткен жөн.

2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жоқ. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 36 369 млн.теңгені (3,18%) құрады. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының


үлесі 8,98% болды, бұл 2007 жылғы 1 қарашадағы ұқсас көрсеткіштен 0,14 пайыздық тармаққа көп.

### Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2007 жылғы 1 желтоқсандағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2002 жылғы қараша – 2007 жылғы қараша кезеңіне - 46,32% (жинақталған инфляция деңгейі 56,91% құрады);
- 2004 жылғы қараша – 2007 жылғы қараша кезеңіне – 32,30% (жинақталған инфляция деңгейі 36,92% құрады);
- 2006 жылғы шілде – 2007 жылғы шілде кезеңіне – 10,31 % (инфляция деңгейі 11,75%) құрады.


Бұл ретте зейнетақылары бойынша номиналды кірістің түзетілген коэффициенті 2002 жылғы қараша - 2007 жылғы қараша кезеңінде 40,36% құрады.



ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мәндері туралы ақпарат [www.afn.kz](http://www.afn.kz) Web-сайтында орналастырылған.

### Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық капиталы 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 27,7 млрд. теңге құрады, оның ішінде жарғылық капитал 8,6 млрд. теңге немесе жиынтық капитал көлемінің 31,0% құрады. Ағымдағы жылдың қарашада капитал 1,8 млрд.теңгеге немесе 6,9% ұлғайды.



Ағымдағы жылдың қаңтар – қараша кезеңінде «Д.А.Қонаев атындағы», «Сенім», «Қорғау» және «РЕСПУБЛИКА» қорлардан басқа, барлық қорлар жалпы сомасы 5,9 млрд. теңге пайда (табыс салығын төлегеннен кейін) тапты. Пайданың ең жоғары сомасын «Қазақстан Халық Банк» - 37,0%, «Ұлар Үміт» - 23,1%, «МЖЗҚ» - 21,8% және «БТА Қазақстан» - 10,7% қорлары алды немесе осы төрт қорға қорлардың жалпы пайда сомасының 92,6% келді.

Қорлардың меншік активтерінің есебінен қаржылық инвестициялар қарашада 0,1 млрд. теңгеге ұлғайып, 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 20,87 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық капиталының жалпы көлемінің 75,5% құрады.

Қорлар меншік активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сомасы 7,31 млрд. теңгені (жалпы инвестициялар көлемінің 35,01%) инвестициялады, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 8,80 млрд. теңге (42,15%), шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына -0,14 млрд.теңге (0,69%), екінші деңгейдегі банктердің салымдарына жалпы сомасы 3,36 млрд. теңгені (16,08 %) орналастырды, сондай-ақ қорлардың инвестициялық пайлары - 0,05 млн.теңге (0,25%) және «Кері РЕПО» операциялары 1,21 млрд.теңге немесе жалпы инвестициялар көлемінің 5,82%.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.12.07
ЖІӨ млрд.теңге* (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 464,1
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,34
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,13
«таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,56
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,22

\* Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша по данным Министерства экономики и бюджетного планирования Республики Казахстан